

03.02.17.



2017 жылы Зақ пан күні кітапханамыздың абонемент бөлімінде жыл бойына арналған **"Жаңарған Қазақстанның жаңа бағыты"** атты көрменің ашылуы өтті . Іс-шараға Н.Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық колледж студенттері мен оқытушылары қатынасты.

Бұл көрмелер : Алаш ұлттық



автономиясының, Алаш партиясының және Алаш үкіметінің құрылғанына 100 жыл толуына **"Алаш аңсаған азаттық"** және саяси қуғын сүргін құрбандарын еске алу күні болып бекітілгеніне 20 жылға арналған, **"Ақиқат пен қасірет"** 1997 жылдан бері ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Жарлығымен аталып өтіліп келеді. Сонымен бірге Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерінің қабылданғанына 20 жыл. Еліміздің тәуелсіздігін айқындайтын мемлекеттік нышандарды әр азамат біліп, оларды құрметтеуі тиіс. Отан қорғаушылар өмірінде мемлекеттік рәміздердің алатын орны ерекше. **"Еліміздің Егемендік белгілері"** атты және сол жылы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Жарлығымен Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері



кұрылды, ол құрлық әскерлері, әуе қорғанысы күштері және әскери-теңіз күштері бас штабтарымен үш түрлі құрылыммен қайта құрылды. Қазақстан Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас Қолбасшысы - Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев. Осыған байланысты **«Егемен елдің қорғаны»** атты көрмелер студенттер назарына ұсынылды.

Негігі кітап көрмесінің мақсаты: студенттерге қазақ халқының ғасырлар бойы өткен қиыншылықтарын айта келіп, осы зұлмат жылдары елінің азаттығын,



еркіндігін аңсаған ұлт зиялыларына тоқтау, өз елін, жерін қорғайтын ұрпақ тәрбиелеу.

«Алаш аңсаған азаттық» атты тақырыпта кітап көрмеге шолу



1917 жылдың 5-13 желтоқсанында Орынбор қаласында өткен екінші жалпықазақ съезінде Ұлттық Кеңес құрылды. Құрылтайдың күн тәртібіне 10 мәселе қойылды. Олардың ішіндегі ең негізгілері: қазақ-қырғыз автономиясын жариялау, милиция һәм Ұлт кеңесі (Үкімет) құру мәселелері болды. Құрылтай делегаттары Уақытша үкімет құлатылғаннан кейін қазақтардың өмір сүруінің өзін күрделендіріп жіберген анархия (тәртіпсіздік) жағдайында елді аман сақтау үшін, «уақытша Ұлт Кеңесі» түріндегі берік билік құру, оған «Алаш Орда» деген атау беру (төрағасы

Ә. Бөкейханов, Ұлт Кеңесі құрамына 25 адам кірді), сондай-ақ милиция жасақтау туралы қаулы қабылдады. Алаш астанасы — Семей қаласы, кейін Алаш-қала атанды. Ғұмыры ұзақ болмаса да қазақтың тұңғыш үкіметі құрылып, қазақ халқының мемлекеттікке лайықты ел екені паш етілді. Алаш арыстарының ең басты еңбегі – олар сол қиын уақытта толыққанды саяси партия мен үкімет құрып, өз халқының мүдделерін батыл қорғау жағына шыға алуында. Алаш қозғалысы заманалық маңызы бар құбылыс, оның идеялары мен бағдарламалары ұлттық мемлекеттікті қалыптастыруды мақсат етті. Ел тағдыры таразыға түскен сын сағатта Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев, Жаһанша, Халел Досмұхамедовтер бастаған ұлт зиялылары қазақтың болашағы үшін шешуші қадам жасап, ұлы мұрат жолында ұланғайыр қайрат көрсетті.

Студент жастар Алаш қозғалысының қайраткерлері, қоғам қайраткерлері туралы тыңдап, бұл көрмелерді дайындаған кітапхана қызметкерлеріне зор алғыстарын білдірді.

Көрмеде ұсынылған ақпараттардың барлығы ұзақ уақыт бойы құпияда сақталып, қазір жариялана бастаған құжаттар жинақтарын ерекше айтып өтті. Кезінде жариялауға тым салынған кейбір кітаптар қазір басылып шығарылған, олардың барлығы көрмеде ұсынылған. Сондай-ақ, «Алаш» қозғалысының маңыздылығы мен ауқымдылығын соңғы құжаттар негізінде

көрсететін тарихшылардың еңбегі де орын алған,-деді абонемент бөлімінің меңгерушісі Абаканова Н.Н.

Экономика колледжінің 3 курс студенті Жасұлан Нұрсұлтанов шолу барысында өткен ғасырдың басында жеке ел, мемлекет боламыз деген Алаш зиялылары аңсаған армандарына жете алмай арманда кетті. Алаш зиялылары тұңғыш ұлттық идея көтеріп, тұңғыш партия, үкімет құрып мемлекеттіліктің алғы шартын жасап кетті. Қазақстан бүгінде егеменді ел болып дүние жүзіне танылуда. Біздің отанымыз егеменді тәуелсіз Қазақстан Республикасы. Тарих бізге тәуелсіздікті тарту етті. Енді біздің парызымыз - ұлттық рәміздерді қастерлеу, тәуелсіз мемлекетімізді өркениетті елдер қатарына қосу, мәдениеттің биік шыңына көтерілу деп ерекше жастарды жігерлендірді.

Төменде қойған кітаптарының тізімі ұсынылған:

Алаш қозғалысы: құжаттар мен материалдар жинағы. 4-ші том / [құраст.: Е. М. Грибанова, А. Е. Жүсіпова, А. С. Зұлқашева ж. б.].- Алматы: Ел-шежіре, 2008.- 472 б.

Бөкейхан Ә. Таңдамалы. 1-кітап / Бөкейхан Ә.- Алматы: Өлке, 2002.- 248 б.

Ескендірұлы (Әбдешев) М."Алаш Орда" министрлері / Ескендірұлы (Әбдешев) М.- Алматы: Алтынбек Сәрсенбайұлы қоры, 2008.- 114 б

Жұртбай Т. К. Біртұтас Алаш идеясы: толғаныстар / Жұртбай Т. К.- Алматы: Хантәңірі, 2016.- 380 б.

Қамзабекұлы Д. Алаштың рухани тұғыры: ғылыми - зерттеу / Қамзабекұлы Д.- Астана: Ел-шежіре, 2008.- 357 б

Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы: екі томдық монография. 1-том / Қойгелдиев М.- өңделіп, толықтырылған 2-бас.- Алматы: Мектеп, 2008.- 480 б.

Қойшыбаев Бейбіт Алаш жолы: рисәлә / Қойшыбаев Бейбіт.- Алматы: Дәстүр, 2015.- 400 б.

Сақ Қ. Алаш мұрасы / Сақ Қ.- Алматы: Қазығұрт, 2014.- 288 б.

Бұл көрмелер жыл соңына дейін жалғасын табады!

03.02.17.

3 февраля 2017 года на абонементе состоялось открытие главной выставки года под названием **«Жаңарған Қазақстанның жаңа бағыты»**. Под этим названием были представлены циклы выставок по основным темам 2017 года. На мероприятии присутствовали студенты Торгайского гуманитарного колледжа, преподаватели школ и вузов.



Это выставки на тему **«Алаш аңсаған азаттық»**, посвященная 100-летию первого съезда политической партии «Алаш»,



«**Ақиқат пен қасірет**», выставка, посвященная дню политических репрессий. В этом году исполняется 20 лет со дня выхода Указа Президента РК, согласно которому в Казахстане ежегодно отмечают День памяти жертв политических репрессий.



К 20-летию Государственных символов РК посвящена выставка на тему «**Еліміздің Егемендік белгілері**».

20-летию Вооруженных сил Республики Казахстан посвящена выставка на тему «**Егемен елдің қорғаны**».

Цель данных выставок – познакомить читателей с основными темами года и с книгами, которые представлены на данных выставках.

Особое внимание было уделено выставке, посвященной 100-летию партии «Алаш».

Алаш аңсаған азаттық



В 2017 году исполняется 100 лет с момента создания Национальной автономии «Алаш», а также одноименных партии и правительства. Это значительное событие в истории национального демократического движения. Движение «Алаш» ставило целью создание казахской государственности. Но деятели «Алаш», во главе с вестником свободы Алиханом Бокейхановым не смогли достичь своей цели. Главная заслуга деятелей движения в том, что они, несмотря на трудное время, боролись за свободу народа. Деятели Алашорды боролись за сохранение национальной самобытности казахов, обретение свободы, избавление от колониальных пут, стремясь быть образованной и грамотной нацией. Сложившие головы на плахе палачей за свои убеждения, они проделали огромную работу для нынешнего

поколения. Труд и доблесть деятелей движения «Алаш» не пропали даром, их мечта исполнилась сегодня. Доказательство этому - независимый Казахстан. «Славные сыны Алаша завещали нам идею государственности... Бесценное завещание Алаша обязывает нас сохранить нашу историко-культурную уникальность, говоря простым языком, оставаться казахами, призывает усилить наше единство» - говорил Президент Казахстана Н. Назарбаев в одном из своих выступлений.

На выставке представлены книги, уникальные архивные документы, представлены фотокопии материалов судебных процессов, допросов, доносов, ордеров на арест, приговоров. Неизвестный фотограф запечатлел лица лидеров «Алаш». Книги, научные монографии и статьи известных ученых содержат неожиданные исторические открытия и неизвестные до сегодняшнего дня факты о жизни и деятельности участников «Алаш».

Книги, представленные на выставке, свидетельствуют о сложном и тернистом пути движения «Алаш» - панорамный обзор событий 1917-1938 гг. в трактовке маститых историков современности помогает представить положение казахов в конце 19 - начале 20 веков.

На выставке представлены книги о казахской элите, которая создала в свое время автономную республику. Их опыт, образование, знания позволили им создать казахскую автономию.

В этих книгах и документах представлены имена Алихана Букейханова, Ахмета Байтурсынова, Жусипбека Аймаутова.

Молодежь, познав историю, биографию каждого члена движения «Алаш», будет еще больше уважать свою историю, - подчеркивали мы, представляя данную выставку студенческой аудитории. Студенты выразили огромную благодарность сотрудникам библиотеки, которые подготовили эту выставку.

Зав. абонементом Абаканова Н. рассказала, о многих книгах, представленных на выставке, подчеркнула, что выделить особо ценные материалы из всей экспозиции невозможно, так как все книги заслуживают особого внимания. Прежде всего, это те сборники документов, которые долгое время были засекречены, а сейчас начали издаваться. Многие книги были запрещены. У нас есть возможность их посмотреть и изучить.

Студент третьего курса колледжа экономики и права Жаслан Нурсултанов рассказал о том, что из книг, представленных на этой выставке, мы много узнали о судьбах казахской интеллигенции, подвергшихся политическим репрессиям. Ниже приведен список книг, представленных на нашей выставке.

Алаш қозғалысы: құжаттар мен материалдар жинағы. 4-ші том / [құраст.: Е. М. Грибанова, А. Е. Жүсіпова, А. С. Зұлқашева ж. б.].- Алматы: Ел-шежіре, 2008.- 472 б.

Бөкейхан Ә. Таңдамалы. 1-кітап / Бөкейхан Ә.- Алматы: Өлке, 2002.- 248 б.

Ескендірұлы (Әбдешев) М."Алаш Орда" министрлері / Ескендірұлы (Әбдешев) М.- Алматы: Алтынбек Сәрсенбайұлы қоры, 2008.- 114 б

Жұртбай Т. К. Біртұтас Алаш идеясы: толғаныстар / Жұртбай Т. К.- Алматы: Хантәңірі, 2016.- 380 б.

Қамзабекұлы Д. Алаштың рухани тұғыры: ғылыми - зерттеу / Қамзабекұлы Д.- Астана: Ел-шежіре, 2008.- 357 б

Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы: екі томдық монография. 1-том / Қойгелдиев М.- өңделіп, толықтырылған 2-бас.- Алматы: Мектеп, 2008.- 480 б.

Қойшыбаев Бейбіт Алаш жолы: рисәлә / Қойшыбаев Бейбіт.- Алматы: Дәстүр, 2015.- 400 б.

Сақ Қ. Алаш мұрасы / Сақ Қ.- Алматы: Қазығұрт, 2014.- 288 б.

Приглашаем читателей на абонемент ОУНБ№2 познакомиться с главной выставкой года!

Выставка будет работать в течение года.